

Бәйтерек ауданының білім беру бөлімінің
«Жас туристер станциясы»



«Келісемін»
Бәйтерек А.С. Иргусаева
директоры
А.С. Иргусаева
2021 ж

«Келісемін»
директордың ОІЖ
орынбасары
А.С. Иргусаева
«__» __ 2021 ж

«Қаралды»
Экология бөлімінің
менгерушісі
А.С. Бекешев
«__» __ 2021 ж

ЭКОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ
«Жас эколог» ҮЙІРМЕСІНІҢ
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Үйірме жетекшісі: Р.Г.Искалиева
Мекен – жайы: Бәйтерек ауданы,
Макаров ауылы, Школьная 1
Байланыс телефоны: 8 775 300 65 26

2021 – 2022 оқу жылы

Түсінік хат

Елімізде соңғы жылдары туындап отырған экологиялық проблемалар олардың тек қана нарықтық-экономикалық факторларға ғана емес, әлеуметтік-экологиялық факторларға да тәуелді екенін көрсетіп отыр. Экологиялық мәселелерді шешуде адам санасын, психологиясын, көзқарасын экологияландыру мәселесі маңызды болып табылмақ.

Өзектілігі:

Үйірме мүшелерінің адам мен табиғаттың арасындағы жаңа қарым-қатынас типті қалыптастыру негізінде құрылған және балалардың экологиялық танымын кеңейтуге бағытталған. Бұл бағдарлама туристік-экология базасына негізделеді және оқушының жан-жақтылығын қалыптастыруға есептелген.

Қазіргі таңда экологиялық білімді қалыптастыру үшін нақты, сарамандық көзделген іс-әрекет негізінде, әрбір адам өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезініп, оны қорғауға және сақтау мәселелеріне барлық көңіл бөлінген. Осындай мәселені шешу үшін балаларға қосымша білім беру потенциалы зор роль атқарады. Балалар мен жасөспірімдерге туризміне арналған «Жас эколог» қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және сабақ барысында түрлі тапсырмаларды орындайтын (өсімдіктер мен жануарларға бақылау жүргізу, гербарий, ылғалды препараттармен жұмыс жасау, өсімдіктер мен жануарларды күту жөніндегі практикалық жұмыстар және т.т.) мектеп оқушылары табиғат және табиғат құбылыстары туралы терең білім дағдыларын игереді. Сабақ процесінде жеткіншектердің сезімі, танымы, зерттеу дағдылары өсіп дамиды.

«Жас эколог» үйірмесі 6-8 сынып оқушыларына арналған. Барлығы 144 сағат. Үйірме жұмысы аптасына 4 сағатқа құрастырылған.

Үйірменің мақсаты – бала зейінін табиғатқа аудару, өсімдік және жануарлар әлемінің күрделілігі мен байлығын көрсету, қоршаған ортаға құрметпен және ұқыптылықпен қарау сияқты экологиялық адамгершілік әрекеттерді қалыптастыру.

Үйірменің білімділік мақсаты:

Экология жөніндегі білімдерін кеңейту және тереңдету, оқушыларды белсенді білім алу дағдысына тарту, оқу-танымдық іскерліктері мен дағдыларын дамыту, ой-өрісін кеңейту.

1. Қоршаған ортаның негізгі факторларымен және олардың адам ағзасына тигізетін әсері.
2. Әркімнің өз денсаулығына, қоршаған ортаға жауапты болуы.
3. Әр жеке адамның және жалпы қоғамның қоршаған ортаға жауапты екендігін және оның ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын үйрену.
4. Оқушылардың іс-әрекеттері экологияны жете түсінуге және проблемаларды шешуге көзделгені болуына көмектесу.

Үйірменің тәрбиелік мақсаты:

- табиғатты сүйіп, экожүйені қорғап, молайтуларына үлес қосу;
- туристік-экология мәдениеттілігі қалыптастыру;
- туған өлке табиғатына деген қызығушылықтарын арттыру;
- елімізбен қаламыздың экологиялық ахуалымен танысады, салауатты өмір салтына қалыптасады.

Үйірменің дамытушылық мақсаты:

Оқушының жеке басының тұлғалық қалыптастыру кезеңі – өмірде өз орнын іздеумен, мамандық таңдауға талпынысымен ерекшеленеді. Оқушы арманы мол, қиялы қанатты мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдай туралы толғанысты кең шағы және адамгершілік, азаматтық, әсемдік, табиғатты қорғау, оны молайту туралы танымын тереңдету, патриоттық сезім арта түседі. Бастысы әр оқушы және ол өзі қоршаған ортаға әсер ететін жағдайларды зиянын төмендетуге үлесін қосады.

Үйірме бойынша жүргізілген сабақтардың нәтижесінде мектеп оқушылары жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың түрлерімен толық танысады, өсімдіктер мен жануарларды асырау және өсіру, күту бойынша практикалық дағдыларын меңгереді, әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілдерін игереді. Жеткіншектер экскурсия және практикум кезінде табиғатты бақылау, гербарий жинау тәсілдерімен танысады, өсімдік түрлерін ажыратып үйренеді. Конкурстар, танымдық бағдарламалар, викториналар өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

Үйірменің негізгі міндеттері:

Оқыту негізі экологиялық білім беру:

- оқушылардың алған білімін жеңіл қабылдауы;
- зерттеу және сараман жұмыстарына үйрену;
- қоршаған ортаның біртұтастығын танып білу;
- өлкетану бағытында білім алу.

Үйірменің ерекшелігі: Өткізілетін сабақтардың барысында балалармен жұмыс жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылады: әңгімелеу, әңгімелесу, гүлзар және тірі табиғат мүйісіндегі практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, табиғатты бақылау және т.б. Қызықты әдістер кеңінен пайдаланылады: кроссвордтар, жұмбақтар, туристік тақырыптар бойынша ойындар. Сабақтар мен экскурсиялар кезінде оқушының туған өлке табиғатына деген қызығушылық, табиғат дүниесін аялау, құрметтеу, оны көркейту және баптап күту сияқты сезімдері қалыптасады. Олар экологиялық тәрбие алады, еліміз бен қаламыздың экологиялық ахуалымен танысады, салауатты өмір салтына қалыптасады.

Оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда балалар жасы 10 – 13 жас аралығы, бұл аралықта оқушының белсенді іс - әрекеті оқушының ой жүйесінің, көңіл көкжиегінің кеңеюіне әсер етеді. Әсемдікті өз қолымен жасай алатынына көзі жетіп, өзіне деген сенімі артады. Олар өзі өмір сүретін ортаны көгалдандыру, оны әсем де көркем етіп жасау оқушының білімге құштарлығын арттырудың бір жолы болып табылады.

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі: қосымша білім беру бағдарламасы – 1 жыл, оқу сағат саны: 144 сағат.

Сабақтың түрі мен тәртібі: Үйірме сабақтары негізінен – даралап, топтап, шағын топтар және көпшілік топтарға жүргізіледі. Сабақта ойын, психологиялық жаттығу тренингтары пайдаланылады. Топтық саяхатқа шығу арқылы балалар қоршаған ортаны қорғауға тәрбиеленеді.

Сабақтың мерзімі: сабақ келісілген сабақ кестесі арқылы жүреді. Екінші жыл – 2 рет жұмасына (2 сағ, 2 сағ); Оқушылар құрамы өзгермеуі қажет. Үйірмеге оқушылар өз еркімен және ата – аналар рұқсатымен қабылданады, Бірінші жыл оқытуға 15 оқушы қабылданады.

Оқу тәжірибенің жүзеге асуы: Оқушылар қызығушылығы артып, қабілетіне қарай мамандық таңдауына, өмірден өз орнын табуына ықпал етуде.

Үйірменің қысқаша мазмұны

Үйірме сабақтары бойынша үйірме мүшелері жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың түрлерімен толық танысады, өсімдіктер мен жануарларды асырау және өсіру, күту бойынша практикалық дағдыларын меңгереді, әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілдерін игереді. Жеткіншектер экскурсия және практикум кезінде табиғатты бақылау, гербарий жинау тәсілдерімен танысады, өсімдік түрлерін ажыратып үйренеді. Конкурстар, танымдық бағдарламалар, викториналар, экспедициялар мен саяхаттар өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

Жеке зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оқушылар біледі: әдеттегі тіршілік әрекеті кезінде әр адам әдейі жасамаса да қоршаған ортаға біршама зиян келтіреді. Сарқылатын табиғи ресурстарды жұмсайды, ауаны, суды ластайды, көп мөлшерде тұрмыстық қалдық заттар шығарады, оның арасында қауіпті заттар да болады, осы бағдарлама негізінде экологиялық проблемаларды болдырмас үшін әр үйірме мүшелеріне экологиялық көзқарас қалыптастырып, табиғат құндылығын сақтап қалуларына бағыт бағдар беру.

Бағдарламаны меңгеру кезінде бірінші орында біздің әрқайсымыздың табиғат алдындағы жауапкершілігіміз тұрады.

Күтілетін нәтиже

Үйірме бойынша жүргізілген сабақтардың нәтижесінде мектеп оқушылары:

- қоршаған ортаға зиян келтіретін және экологиялық қауіпсіз құрылыс материалдардың айырмашылығын білу;

- тұрмыстық қалдықтарды қайта пайдалану;

- өзіндік қалдықтарды анықтап, олармен не істеу керек екенін білу;

- өз үйіндегі ең жиі кездесетін ауа ластаушыларды анықтау, үйдегі ауа ластануын қақпайлау

немесе азайту үшін профилактикалық жұмыстарды жүргізу;

- экология негіздерін толық меңгереді

- экологиялық акцияларға қатысады;

- азық түліктің уытты заттармен ластану түрлерін, сапасы төмен азық-түліктің адамға жағымсыз әсерін қақпайлау мүмкіндіктерін;

- үй ішінде өсетін өсімдіктердің рөлін және олардың үйде орналастыру ережелерін;

- үй ішінде адамның қасында тұратын жануарлардың түрлерін, олардан келетін пайда мен зиянды;

- экологиялық жобаның не екенін және оны қалай іске асыруға болатынын үйренеді.

Конкурстар, танымдық бағдарламалар, викториналар өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

Жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны			Өткізу уақыты	Ескерту
		барлығы	теория	практика		
Экология негіздері (6 сағат)						
1	Кіріспе	2	2	-	17.09	
2	Жорықтар мен экспедициялар кезіндегі қауіпсіздік ережелері	4	2	2	21.09 24.09	
Тірі ағзалардың көптүрлілігі және олардың қарым қатынастары, туған өлке экологиясы (52 сағат)						
3	«Таза ауыл» акциясы	4	2	- 2	28.09 1.10	
4	Бізді қоршаған табиғи орта	2	2	-	5.10	
5	Өсімдіктер мен жануарлардың маңызы, қорғау шаралары	2	2	-	8.10	
6	БҚО қорғауға алынған өсімдіктер Ақ тұңғиық Шылым, сужаңғақ Кәдімгі емен Кәдімгі шаттауық Май інжугүлі Шренк қызғалдағы	14	2	2 2 2 2 2	12.10 15.10 19.10 22.10 26.10 29.10 2.11	
7	БҚО кездесетін ҚР қызыл кітабына енгізілген және қорғауға алынған жануарлар (Бауырымен жоргалаушылар мен құстар) Сарыбауыр қарашұбар жылан	26	2	2 2 2 2 2	5.11 9.11 12.11 16.11 19.11 23.11	

	(Желтобрюхий полоз) Төртжолақты қарашұбаржылан (Четырехполосый полоз) Дала қыраны Жыланжегіш Кезқұйрықты субүркіт(Орлан долгохвост) Ителгі (Балобан) Балықшф тұйғын Скопа Дуадақ Жекдуадақ және Безгелдек ашық дала құстары Жалбағай мен қара дегелек су жағасын мекендейтін құстарҚұстардың түрлік құрамын және мінез қылығын табиғатта зерттеу		2		26.11 30.11 3.12 7.12 10.12 14.12 17.12	
8	БҚО табылған өсімдіктер мен жануарлардың қазба қалдықтарымен танысып, зерттеу Бәйтерек аудандық мұражайына саяхат	4	2	2	17.12 21.12	
Үй ауласындағы тіршілік.(20 сағат)						
9	Аула өсімдіктері, оларды өсірудің агротехникалық ерекшеліктері	8	2 2	2 2	24.12 28.12 31.12 4.01	
10	Ландшафтық дизайн,түрлері	6	2	2 2	7.01 11.01 14.01	
11	Бөлме өсімдіктері, түрлері, агротехникасы	6	2	2 2	18.01 21.01 25.01	

Орнитология және герпетология негіздері.(24 сағат)						
12	Экологиялық құрал-жабдықтармен жұмыстану	2	2	-	28.01	
13	Экологиялық зерттеулер. Судың химиялық құрамына сипаттама.	6	2	2	1.02 4.02 8.02	
14	Шаған өзенінде кездесетін қосмекенділермен танысу, бақылау және зерттеу дағдыларын қалыптастыру	6	2	2	11.02 15.02 18.02	
15	Ауыл айналасындағы ормандағы және мектеп ауласындағы ағаш арасында мекендейтін құстармен танысу, бақылау және зерттеу дағдыларын қалыптастыру	10	2	2	22.02 25.02 1.03 4.03 9.03	
Табиғи қорлар және экология (18 сағат)						
16	Өлкеміздің ауа, су, топырақ, жерасты қазбалары түсінігі арқылы табиғи қорлардың тығыз байланыстылығын, оларды тиімді пайдалану, сақтау, қорғау неіздерін зерделеу	2	2		11.03	
17	Садовое көліне саяхат	8		8	15.03	
18	Дубрава қорықшасына саяхат	8		8	1.04	
Экологиялық зерттеулер (12 сағат)						
19	Өзен көлбақасы(озерная лягушка) мысалында қосмекенділер санынмаусымдық белсенділіктерін анықтауға зерттеу жүргізу	4	2	2	15.04 19.04	
20	Дала бүркіті (орел степной)мысалында жыртқыш құстардың	4	2	2	22.04 26.04	

	санын, маусымдық белсенділіктерін анықтауға зерттеу жүргізу					
21	Кәдімгі қарағай (сосна обыкновенная) мысалында өсімдіктерге әсер ететін экологиялық факторларды анықтауға зерттеу жүргізу	4	2	2	29.04 3.05	
Қайталау бөлімі (12 сағат)						
22	Топтық жорық	8	-	8	6.05	
23	Өткен материалдарды қайталау	4	2 -	- 2	20.05	
Барлығы		144	64	80		